

ша француз тілінің неонимиясында синтагматикалық жасалым терминологиялық жаңа жасалымдардың 55 пайызын құрайды. Неологизмдердің құрылымдық-семантикалық талдауы жаңа оралымдардың синтагматикалық тәсілмен туындағанын көрсетеді. Француз тілінің терминологиялық құрамында неонимдердің туындауы ғылым мен техниканың қарқынды прогресіне байланысты болып отыр.

Француз тілінің неонимдері деривация, сөзсаптау, конверсиялау, қысқарту өзге тілден алу, метафоралық және метонимикалық тасымал т.б. жолдармен жасалады. Олардың ішіндегі ең белсенді түрлері деривация, сөзсаптау, қысқарту болып табылады.

Неологизмдердің сипатталуын методологиялық тұрғыдан неониміе мәтіндік тіл, жаңа технологиялар секілді ізденудің жаңа әдістері, әсіресе дискурстың әр түрлілігіне бағдарланған.

Қазіргі уақытта қоғамдық өмірде жаңа сөздердің туындау беталысы барлық тілдерге тән.

Неология мәселелері лексикографиялық практикамен өте тығыз байланысты. Неологизмдерді ұлттық тілдік құбылыс, сондай-ақ неологизм немесе неонимді ұлттық мәдениеттің феномені ретінде кеңінен қарастыру қажет.

1. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. М., 2004.

2. Пекарская Л.А. Разграничение терминов языка и терминов речи // Термины в языке и речи: Межвуз. Сб. Горький, 1984

3. Суперанская.А.В. Общая терминология: Вопросы теории. М., 2003.

4. Стилистический энциклопедический словарь русского языка /Под ред. М.Н.Кожинной. М. 2003.

5. Коржаева Ю.В. Неонимия в современном французском языке. Сб. Львов, 2005

\*\*\*

Статья посвящена неологизмам метаязыка лингвистики – неонимам – и проблемам их лексикографического описания.

\*\*\*

The article is devoted to neologisms of metalanguage of Linguistics – neonyms – and the problem of their lexicographic description.

*М. М. Базарбаева*

## ЖАНАСУ БЕЙВЕРБАЛДЫ ӘЛЕУМЕТТІК АКТ РЕТІНДЕ

Жанасу адамның естілім қабілеттерінің ең негізгісі болып табылады. Жанасу – бұл әрқашан адаммен физикалық байланыстың орнауы, яғни оның терісімен, шашымен немесе (ауыспалы мағынада) киімімен, заттармен, адам ұстайтын, алып жүретін т.б. заттармен жанасу болып табылады. Тері, Л. Франктың айтуынша, бұл адамның ағзасында болатын қабық. Адам терісінде (рецептордың үлкен мөлшері) ауруға, температураға, қысымға әсер ететін рецептордың үлкен мөлшері болады. Ол адам денесіндегі үлкен кеңістікте орналасқан. Яғни адам денесінің барлық жерлеріне таралып, адамды сыртқы ортаның әсерінен қорғайды. Тері, көзге қарағанда хабарды жеткізуге қабілетті болып келеді. Ол сыртқы ауытқуларға әсер етіп, объектіні нақты таниды және актілердің тәртібін біліп алады. Э. Монтегю осыған байланысты былай деп жазады: «Жанасу – ағзадағы ең маңызды бөлік болып саналатын мидан кейінгі терімен тікелей байланыстағы сезіну. Тері, нервтік жүйе сияқты, сыртқы қабақтардағы эмбрионалды жасушалардан немесе эктодерма-

дан дамиды. Бұл жалпы денені жауып тұратын және шаштардың өсуіне, тістердің және барлық сезім мүшелерінің (сезіну, көру, иіс сезімі, есту, дәм) дамуына септігін тигізетін үстіңгі қабат болып табылады. Тері туралы дененің үстіңгі қабатында болатын эмбриона сияқты сыртқы нервтік жүйе деп ойлауға болады. Осыған орай, егер нервтік жүйе – бұл терінің сыртқы бөлігі болса, ал тері, керісінше, бұл – нервтік жүйенің көрінетін бөлігі болып табылады» [1; 2].

Жанасуға физиологиялық қозғалыстар мен біз көріп жүрген шартты түрде қабылданған ишараттар жатады. Оған құшақтау, сипалау, аймалау, сүю т.б. ишараттарды жатқызуға болады. Мысалы, *Шашынан, арқасынан сипалап тұрып:*

- *Ақымағым менің. Сен соны да уайымдайсың ба? Аты кім балақайдың?* (Ш. Мұртазаев). Бұл жерде біз үлкен кісінің кішкентай баланы еркелетіп, онымен жанасу арқылы қарым-қатынасқа түскенін байқаймыз.

Жанасу, сонымен қатар достар арасында қолданылады, бірақ әдетте адамға бөтен адам-

ның тиісуі ұнамайды. Қалыпты жағдайда адамдар көпшілікте жанасудан қашады, егер адамдардың барын сезінсе, онда бізге ұнамайды. Транспортта шынтақтың тиюі, лифтідегі жанасу, кезектегі немесе адамға толы ғимараттардағы жанасу бізге ұнамайды. Қарапайым адам әдетте қажет емес және жағымсыз жанасудан қашу үшін көптеген «артық» қозғалыс жасауға, адамдар легінен жалтаруға мәжбүр болады. Егер ол жүгіріп барып немесе өтіп барып тиіп кетсе, онда этикалық нормаға сай кешірім сұрау керек. Алайда адам жанасуды шарасыз деп есептесе, кешірім сұрау сөйлеу актісінің осы сияқты жағдаятта жүзеге асуы мүмкін.

Адамдар барлық өзіне жаңа немесе ерекше заттарды ұстағанды ұнатады және бұл кішкентай кезінен қалыптасқан әдет. Музей залдарында, вернисаждарда, көрмелерде тақтайшаларда «Қолмен ұстауға болмайды» деген жазуларды көріп таң қалмаймыз. Қол тигізушілер деп аталатын тұтас қоғамдық топтар, тіпті халықтар да кездеседі.

Қол тигізуші адамдар үшін жанасуды қолдануда мүлде басқаша шарттар қойылады.

Қол тигізушілер, мысалы, кішкентай балалар болып келуі мүмкін. Жанасу, тию арқылы олар әлемді тануына болады. Кішкене кезде қол тигізу жай танып-білу болатын, нәресте қолына келген нәрсенің барлығын ұстайды. Барлық ескертулер мен алдын ала сақтандыруларға қарамастан және тактильді сезіну арқылы өзіне бір әлем ашады. Балалардың әр халық пен мәдениетте балалардың өздерінің балалар ойыны бар. Ол ойындарда жанасу актісі басым. Қазақ халқында балалар ойнайтын соқыртеке, тығылмақ, қанталапай т.б. ойындарын жатызуымызға болады. Орыс мәдениетінде мұндай ойындарға, мысалы, секіртпе пен тығылмақ, соқыртеке жатады. Сондай-ақ, ата-аналар балаларын әдейі басқа адамдарға тиіспеуді, өздерінің денесі мен көптеген заттарда тиіспеуді айтып отырады.

Қол тигізуші адамдарға әлеуметтік категориядағы үлкендер де жатады. Олар: дәрігерлер, медбикелер, шаштаразшылар немесе косметологтар. Олардың бәрі өздерінің кәсіби қызметтеріне орай басқа адамдармен жанасуға мәжбүр болады. Мысалы, *Жазық маңдай мен жарлауыт қабақ астынан қараған сабырлы да ойлы көздер шәкірттердің әрқайсысына жеке-жеке аялдап, әрі аймалап:*

*«Кімсің сен, бауырым? Болашақта қандай адам боларсың?» - деп тұрғандай еді* (Ш. Мұртазаев). Бұл мысалдан ұстаз бен шәкірттің арасындағы жанасуды көреміз. Мұнда ұстаз

шәкірттеріне тек сөйлеп қана қоймай, оларға емірене, сүйсіне қарау арқылы қарым-қатынасқа түседі.

Атақты қазіргі физиолог, терапевтік гипноздың психобиологиялық теориясы авторларының бірі Э. Росси жанасу биологиялық және әлеуметтік сигналдардың ішіндегі ең мықтысы болып табылады деп белгіледі. Біз жақындарға ашықпыз, сондықтан да, бізге тиісетін адамдарға біз жанасуға мүмкіндік береміз. Массажистер, физиотерапевтер, шаштаразшылар, дәрігерлер мен медбикелер – біздің терең сезіміміздің жиі объектісі болып табылады. Мысалы, *Ә, солай ма кел, кел – деген Әбіл орнынан тұрып, жақындай берген жігітке қолын ұсынды, - отырыңыз, - алдындағы қос креслоның жігіт жақтағысын нұсқады* (Ж.Еділбаев). Мысалдан екі адамның арасындағы жанасуды байқауға болады. Қолын ұсыну арқылы адамға жанасқанын көреміз.

Жанасуды ұнататын мәдениеттер бар. Оларға, мысалы, итальяндықтар, арабтар, түріктер мен әртүрлі латынамерикандық мәдениеттер жатады. Антрополог Т. Каннонның бақылауынша (ауызша хабар) тіпті итальяндықтарда, АҚШ-да ертеден өмір сүріп келетін осы елдің азаматтары болып табылатын американдық-англосаксондықтарға қарағанда жанасудың көпшілігі ұзақ мерзімді құшақтасуға, жылдам сүйеге және тіпті формалды қол алысуға алып барады. Абхаз халқының ер адамдары бірін-бірі көп уақыт көрмей кездесіп қалған жағдайда қол алысып, сосын сүйісіп амандасады. Бұл қимыл тек қана абхаз халқының ер адамның қарым-қатынасында жүреді. Ал ауылдық жерде тұратын әйелдер ерлерді кездестерген кезде олардың оң иығынан сүйеді, ал ер адам әйелді жеңіл түрде құшақтайды. Егер де кездесіп ер адамы өте танымал болса, онда әйел оның кеудесінен сүйеді.

Ал Бирма, Моңғолия және Лапландия елдерінің тұрғындары сәлемдесу үшін дәстүрлі түрде бірін-бірі иіскелейді екен. Эскимостар танымайтын адамдарды көргенде басына не иығына жұдырықпен ұрады екен. Ал Амазонка тұрғындары бір-бірімен арқа қағыстыру арқылы сәлемдеседі. Торреса аралдарында сәлемдесу үшін оң қолын ілгек формасына келтіріп, бірнеше рет қайталай отырып алақанын екі жақтан да қасиды [2; 151].

Кейбір елдерде кездесетін тактильді тәжірибеге әлеуметтік және мәдени ортада бойынша қатты регламент белгіленіп, қатаң тәртіп орнатылады. Борнео Малайский архипелагында (топаралда), солтүстік таулы аймақтарда дусун елі тұрады. 150.000 мың адамы бар бұл ел

күріштің өсуімен, аңшылық пен орман ағаштарынан жеміс жинаумен айналысады. Соңғы 10 жылдықта бұл елдің мәдениетіне қытай, араб, солтүстік аймақтары айқын өзгерістер әкеле бастады және ол өзгерістер әлі де жалғасын табуда. Олардың орталық областары әлі де бұрынғы замандағыдай қалай болды, солай қалды. Информанттар арқылы мынандай хабар алдық. Тілдегі денеге жанасудың репертуары дусундарда аса жиі кездеседі және 3 үлкен топқа бөлінеді:

1. Мәдени және әлеуметтік интерактивті актіні, әртүрлі қарым-қатынастағы саралап жіктеуді түсіндіретін жанасу ишараты. Мысалы, дусун мәдениетінде әртүрлі ауылшаруашылықтың және аңшылық салттары, бастамашыл ырымы, дәрет алу мен киінудің салтанатты гигиеналық актісі, ритуалды татиурды немесе косметиканы қолдану кездеседі. Оларға тұрмыстық әлеуметтік актілерді: күтім, балаларды тәрбиелеу, күріш өнімін жинау, қонақтардың келуін және тағы басқа әлеуметтік іс-әрекеттерді жатқызуға болады.

2. Эмоцияны білдіретін (50-ге жуық әртүрлі ишараттар) жанасу ишараты. Қуану, өкіну, жылау, қайғы, қорқыныш т.б. ишараттарды жатқызамыз. Мысалы, *Жігіттер төсекте аяужанның көрсеткен жеріне көшірді. Ол жас балаша алақанын шапалақтай күлді* (І.Есенберлин). *Алақанын шапалақтау* – бұл қимыл өз дос, туыстарының ісінің оң нәтижесін көргенде, жақсы, жағымды хабар естігенде қолданатын ишара. *Жер астынан шыққандай, жоқ жерден пайда болған, орыстың қалың атты жауынгерлерін көргенде, қыр асында Мамай санын салып қалып, айқайлап жіберді* (С. Мұратбеков).

*Санын соғу* – қапы кету, ұмытудың «қап, әттеген-айды» білдіретін белгі. Жарыста жеңіліс тапқан адамдар санын соғып, қапыда кеткендігін осы ишарамен білдіреді. Сонымен қатар бұл кинема қандай да бір затты, тығыз бір шаруаны ұмытып кеткен жағдайда да қолданылады. Бұл да өкінішті білдіретін бейвербалды амал.

3. Оннан кем емес интимді жанасу ишараты. Сүю, құшақтау, аймалау, арқасынан сипау, қол ұстасу, жанасып кету, тізесіне отырғызу, итеріп жіберу, шашынан иіскеу т.б. [3; 156-160]. Мысалы, *Көңілі түскірі ұясына асыққан қарлығаштай алып-ұшып келе жатқан Гүлнұр бір кезде «несіне ұялам» дегендей, Ернардың қолынан ұстады* (Қ.Өтебай). *Шаңғыға алып шыққаны үшін Нариман Мәрзияға иштей риза болып, алғысын немен айтып жеткізерін білмей, үлпек мұрт бозбаладай қасындағы келіншекті қайта-қайта құшып сүйді* (Ш. Мұртазаев).

Жергілікті тұрғындардың бір-бірімен қарым-қатынасын сипаттайтын тактильді мінез-құлқының ережесі немесе өзара әрекеттестігі әртүрлі кинетикалық параметрлер мен өзгертулерге негізделеді. Оның арасындағы мәдени және әлеуметтік жағдайдағы контекст типтері, жасы мен бейвербалды коммуникативтік актіге қатусушының жасы, адаптордың бары немесе жоғы, жанасудың қолдануы мен орны, түрі, функциялары иен ишараттардағы мағыналары, жанасу басқа ишараттармен немесе сөйленістермен жүзеге асуы және т.б. бастапқы рөл атқарады. Мысалы, салтанатты шеру кезінде қолдануға болатын (тіпті міндетті түрдегі емес), бұл актілерге қатысушылардың мінез-құлқына, қолдануына, жанасудың орны мен өзінің мағынасына қарай, ритуалды бидегі, ауызды емдеудегі жанасудың өзіндік айырмашылығы бар.

Тактильді мінез-құлқының ережесінің бұзылуы мәдени іс-шара ретінде қатаң қарастырылады. Дусун мәдениетінде орындалмаған немесе дұрыс жасалмаған міндеттерді нақты жағдайда жанасу - өте қатаң жазалаумен шектеледі. Сол үшін адамдарды таякпен ұрады, ал қатаң оқиғада ортадан қуып, тіпті бастарын шабады.

Орыс мәдениетінде жанасу – бұл әрқашан басқа адамның жеке ортасына активті күшпен енеді, себебі олар қорғанды және ығыр қылмайтын әрекеттер болуы керек. Орыс мәдениетіне тән бейвербалды тактильді мінез-құлқының ережесінің қолдану жағдайына тек қана жанасудың дененің белгіленген жерін немесе қол жетерлік (әлсіздік емес), қол жетпейтін (әлсіздік) хабары жанасудағы ойды білдіріп қана қоймайды, сонымен қатар, актуалды психологиялық жағдайы мен адресаттың сапасы, жанасуға деген қатынасы және жанасудың берілген типтері жатады.

Қауіпті немесе кобалжу кезінде адамдарға немесе өзін-өзі бақылай алмайтын адамдарға әдетте қатысу, жұбату, қолдау немесе көмек керек. Сондықтан олар өздеріне көп жанасқанын және олармен қарым-қатынас жасауын қажет етеді (алайда өздері басқаларда аз жанасады) жанасудың еркін нормасымен салыстырғанда үлкен айырмашылық кездеседі.

Көп адамдар жанасуды, сонымен қатар сезімді, аштықты (батыстық ғалым-физиолог ортасында ондай жағдайды әдетте уайымшыл адамды skin hunger, яғни сөзбе-сөз «терінің ашығуы»), байқауға деген табанды қажеттілікті сезеді. Жанасудың кемшілігі адамдардың эмоциясына байланысты болып келеді, мысалы,

невроз, балалардың қорқынышының бірнеше түрлері мен адамды сезінетін және түсінетін жанасу арқылы оған тиімді байланысты болады. Атақты факт дәрігер-психотерапевтерге медициналық бикештерге немесе психологтарға белгілі. Әдетте ол науқастарды қабылдау мен ауруды емдеу кезінде ескеріледі.

Сәби де өзінен дәл осындай жағдайды байқайды. Ол да басқа адамдардан физикалық жанасуға ұмтылады, олардан, ата-анасынан, сондай-ақ ата-әжесінен жылулық пен қорған күтеді. Осылайша сәбиді бауырына басады, қолына ұстайды, әлдилеп, сипалайды. Мысалы, *Әйел лаулаған от қасында баласын бауырына басып үнсіз отыр* (А.Нұрғазы).

*Әбіл перзенттерінің беттерінен сүйіп, бастарынан сипап мауқын басты* (Ж.Еділбаев). Бұл мысалдардан ананың, әкенің балаға деген сүйіспеншілігін, мейірімділігін байқауға болады. Бала - өмірдің сәні, отбасының шаттығы. Шал ақынның «Босағасын алтыннан соқсаңдардағы, Перзент сүймей, адамның мейірі қанбас» деуі де осыдан шығар. Себебі кез келген нәресте өзінің ата-анасынан жылулық күтеді. Бұл жерден бауырына басу, бетінен сүйу, басынан сипау жанасу түрлерін көреміз.

Проф. Ф. Дэвистің айтуынша, «жанасусыз сәби өледі, адамдық жүрегі ауырып, жаны солады» [4; 3]. Сәби мен ананың арасындағы жанасудың жетіспеушілігі сәбиге ғана әсер етіп қана қоймайды, сонымен қатар анаға, нақтырақ ананың емізу қабілетіне де әсер етеді.

Контакт немес әлеуметтік психологиядағы проксимальды тәсіл сәбидің өсу қабілетіне байланысты бірте-бірте дистантты немесе дистальды тәсілге ауысады. Диалогтық әрекет көбінесе ара қашықтықта жүзеге асады, адамдар бір-біріне қарайды, сөйлеседі, күледі т.б. Тіпті ерте жастан бастап адамдардың проксимальды мінез-құлқында жыныстық өзгерістер байқалады. Еуропа немесе Америкада туып өскен ұл бала, бірнеше ай көлемінде қыз баламен салыстырғанда жанасудың және де проксимальды мінез-құлықтың бірнеше формаларымен танысады. Алайда 6 айға қарай жанасудың саны мен жиілігі теңесіп, одан әрі жағдай керісінше жүзеге асады. Сондай-ақ, ұл балалар қыздарға қарағанда әлеуметтік қарым-қатынастың проксимальды типтерінен дистальды қарым-қатынасқа тезірек ауысады.

1. Монтегю 1971 – Montagu A. Touching. The human significance of skin. New York: Harper: & Row, 1971.

2. Садохин А.П. Теория и практика межкультурной коммуникации. М., 2004.

3. Вильямс 1971 – Williams J. L. Personal Space and its relation to extraversion-introversion. // Canadian journal of behavioral sciences, 1971, 156-160.

4. Дэвид 1991 – Davis D. The power of touch. Carson, CA: Hay House, 1991.

\* \* \*

В данной статье парасредство касание рассматривается как невербальный социальный акт.

\* \* \*

This article deals with the means of paralinguistics “touch” as a nonverbal social act.

*М. Е. Бекболганова*

## КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ ТҰРМЫСТЫҚ СУРЕТТЕУЛЕРДІҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Этнолингвистика ұлт тілі арқылы ұлтты тану мақсатында этногенез және этностың тарихын, ішкі және этносаралық қарым-қатынастардағы тілдік процестерді, этностың қалыптасуындағы, өмір сүруіндегі тілдің рөлін, тіл мен дәстүрлі мәдениеттің (салт-сана, әдет-ғұрып, дін), тіл мен этностың ойлау ерекшелігін зерттеп, ұлттың тілін анықтап, басқалардан айырмашылығын көрсетеді, сондай-ақ дүние жүзі тілдерінің классификациясы т.б. мәселелерді қарастырады. Этнолингвистиканың негізін салған ғалым

В.Гумбольт (1767-1835) «Ява аралдарындағы киви тілдері» атты еңбегінің алғысөзінде этнолингвистикалық ұстанымдардың тиянақты концепциясын баяндап берді. Л.Вайсгербер оның идеясын жалғастырып (1950), «Неміс тілінің күші туралы» атты төрт томдық еңбегінде неміс мәдениетінің ұлттық сипатын зерттеді. Этнолингвистикалық зерттеулер XIX-XX ғасырлар аралығында Э.Сепир, Б.Уорф, Ф.Баостың т.б. Солтүстік және Орталық Американдық үндістердің тіл ерекшеліктерін қарастыру